# МАГИСТРАТУРА

**7M05301 – «Химиялық талдау және мұнай – химия синтезі»**

7М05300 – «Химиялық талдау және мұнай-химия синтезі» білім беру бағдарламасы бойынша магистратура түлектерінің кәсіби қызметінің нысандары: мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі жоғары оқу орындары, білім беру саласындағы мемлекеттік басқару органдары,, химия өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік басқару органдары; химиялық, экологиялық, фармацевтикалық, металлургиялық, мұнай – химиялық, газ бейіндегі ғылыми – зерттеу институттары; экологиялық, фармоцевтикалық, металлургиялық, мұнай – химиялық, газ өнеркәсібіндегі зертханалар; бақылау-талдау қызмет көрсету мекемелері; стандарттау және сертификаттау орталықтары; Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау органдары; сот және сот-медициналық сараптама жүйесі болып табылады.

**Ғылыми-педагогикалық магистратура (2 жыл)**

**7M05201- Қолданбалы экология**

7M05201-Қолданбалы экология бойынша білім беру бағдарламасының магистрі келесі бағыттар бойынша өз қызметін жүзеге асырады: ғылыми зерттеулерді; педагогикалық; өндіру және басқару және басқару міндеттері; өндірістік-экологиялық, жобалау, болжамдық, экспедициялық, мониторинг, қоршаған ортаны қорғау; ұйымдастырушылық және басқарушылық; экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы сараптамалық кеңестер, бақылау- тексеру және бақылау-сараптама жүргізу.

7M05201-Қолданбалы Экология Магистрі бағдарламасы жалпы және жаһандық экологияны, жаңа экологиялық және ресурс үнемдеуші технологияларды, экологиялық қауіпсіздікті және орнықты дамуды, қоршаған ортаны басқаруды және маркетингті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы білуімен экологиялық зерттеулер саласындағы сарапшыны дайындауға бағытталған. Астрахань мемлекеттік техникалық университетімен білім беру бағдарламаларын іске асырудың желілік (бірлескен) нысаны бойынша оқыту жоспарланып отыр, шетелдік жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бағдарламаларын алмасу бойынша оқытуға мүмкіндік бар.

**Профилдік магистратура (1 жыл)**

**7M05202 - Табиғатты ресурстарды басқару және табиғатты қорғау инспекциясы** білім беру бағдарламасының магистрі келесі бағыттар бойынша өз қызметін жүзеге асырады: зерттеу; өндірістік-экологиялық, жобалау, болжамдық, экспедициялық; мониторинг, қоршаған ортаны қорғау; ұйымдастырушылық және басқарушылық; экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы сараптамалық кеңес беру, бақылау-инспекциялау және бақылау-талдау жүргізу.

**7M05203-Экологиялық менеджмент және аудит** бойынша магистратура өзінің кәсіби қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады: зерттеу (эксперименталды, далалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, ғылыми нәтижелерді статистикалық және математикалық өңдеу, ғылыми жобаларды әзірлеу және мемлекеттік, жеке тендерлерге қатысу және халықаралық қорлар); өндірістік-экологиялық, жобалау, болжамдық, экспедициялық; экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мониторинг, бақылау-талдау жүргізу (қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі сарапшы, жобаларды талдау және бағалау жөніндегі сарапшы және т.б.).

**«7M05101-Биология микробиология негіздерімен»** бағыты бойынша Жаратылыстану ғылымдарының магистрі өзінің келесідей кәсіби қызметін жүзеге асырады:
- ғылыми-өндірістік, ғылыми жоба, жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларда және геоботаникалық ұйымдарда маман немесе кіші ғылыми қызметкер;
- ұлттық парктерде, қорықтарда, хайуанаттар парктерінде, ботаникалық бақтарда, селекциялық және обаға қарсы станцияларда, табиғат мұражайларында мамандар;
- экологиялық қызметтерде, ұйымдарда және мемлекеттік басқару орындарында, әкімшіліктерде, медициналық, ауылшаруашылық, фармацевтикалық, сараптамалық және табиғат қорғау мекемелерінде маман, инженер және т.б.;
- колледждерде, орта техникалық білім беру мекемелерінде және жоғары оқу орындарында оқытушы.

## Талабыңа нұр жаусын, талапкер!




+7701 738 69 23

Instagram @zharfac_atgu

**БАЙЛАНЫС:**
060011, Атырау қаласы,
Студенттер даңғылы, 1
№1 оқу ғимараты, 4 этаж, №417 кабинет
Тел.: +7 /7122/ 27-67-52, +77017386923


ATYRAU UNIVERSITY
www.asu.edu.kz

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ



## НЕГЕ БІЗДІ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ?

- Кәсіби мансап пен өмірлік жетістік үшін өзіңе сенімді негізді қамтамасыз ете отырып, алдыңғы қатарлы, елімізге қажетті және лайықты төленетін мамандықты ала аласыз;

- Ақысыз білім ала аласыз, себебі жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдары факультеті университетте ең көп мемлекеттік гранттарға студенттерді қабылдауға ие және де біздің студенттер әртүрлі стипендиялардың иегерлері;

- Түлектің кәсіби қызметіне жеңіл бейімделуіне мүмкіндік беретін заманауи лабораторияларда білім ала аласыз.

- Ғалымдардан білім алып, СҒЗЖ, ұжымдық іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерге қатысып, өзіңіздің ғылыми-шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра отырып, академиялық мансабын қалыптастыра аласыз.

- Алдыңғы қатарлы шетелдік университет-серіктестермен академиялық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысып, екі жақты диплом ала аласыз.

- Мамандық бойынша диплом және Лейтенант атағын алу тамаша мүмкіндік

